

Қ.Мәмбетов. Түркілердің мәдени өркениетінің негізі.

Қ.МӘМБЕТОВ

ТҮРКІЛЕРДІҢ МӘДЕНИ ӨРКЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗІ

Мақалада Түркі өлемінің мәдени өркенидеуінің қалыптасу кезеңі сипатталады.

Makalede Türk Dünyası kültürel gelişiminin temeli değerlendirilir.

Түркі өлемі Оргалық Азия мен Шығыс Еуропаның біршама жерін алып жатыр. Түркі өлемі Шығыс пен Батысты бір-бірімен байланыстырупсы көпір рөлін атқарды және ұлан-байтақ кеңістіктек бір-бірінен шалғай жатқан Қытайдың, Үндістанның және Еуропа құрылышының батыс бөлігінің (Испанияның мұсылманданған бөлігі) өркениеттерін өзара ұштастырды.

Ал, бұл жағдай өз кезегінде Тағу Шығыстың өз тағдырына орасан зор ықпалын тигізді, сол арқылы Жерорта теңізі елдерінің мәдениетіне ықпал етіп, Еуропадағы қайта өрлеу дәуірінің негізін қалады, яғни оның іргетасы болыш табылатын ежелгі мәдениетті сақтап қалуга жағдай жасады [3].

Өкінішке орай, «туркі халықтарының шынайы тарихы жазылмады» [1] деген тарихнамаларда кездесетін ғылыми тұжырымдармен келіскеуге болмайды. Өйткені, жарық көрген көлемді және кішігірім тарихи еңбектер түркі халықтарының әр жерлерінен жұлыш алғынған мағлұматтар сияқты. Түркілердің тарихы орасан бүрмалаушылыққа ұшыраған. Түріктердің ежелден жайлаған мекендері жөнінде қалыптасқан бір шікір жоқ, көшпелілер қатарына жатқызған. Түріктердің мәдени деңгейі төмен, бұлдруашілер ретінде сипатталған. Бұның бәрі, түркі халықтарының тарихын шынайы зерттемегендіктен және зерттеушілердің өз мұдделерінің тұргысынан қарастырыш, көшпілігінің шындықты мейлінше бүрмалағандығынан [5].

Түркі халықтары Қытаймен, Үндістанмен, Жерорта теңізінің бүкіл елдерімен кең көлемді байланыс жасауы тек тауар алмасумен және техникалық жақалықтарды бөлісумен ғана шектеліп қалған жоқ. Сонымен қатар әртүрлі идеялық жүйелерді бір-бірімен салыстыру арқылы жемісті жұмыс жүргізуі де қамтамасыз етті. Ұлы ғұлама Әл-Фараби шығармалары орга ғасыр дәуірінің басынан аяғына дейін Батыс Еуропада пайдаланылды. Қайта өрлеу дәуірі гуманизмінің дамуына ықпалы орасан зор болды. Ибн-Синаның еңбектерін Еуропа ондаған ғасырлар бойы медициналық білім энциклопедиясы ретінде пайдаланып келді [3]. Түркі халықтары орга ғасыр дәуірінде жоғарғы дәрежедегі жарқын мәдениет жасай білді. Оның жарқын айғағыш сөulet, қолөнер туындыларынан, поэзия мен эпостарынан көруге болады.

X–XI ғасырларда түркі тіліндегі әдебиет өте күшті дамыды. Жүсіп Баласағұны мен Ахмет Йассауи өз шығармаларын түркі тілінде жазды. Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі сөздерінің

жынытығы») атты еңбегінде де құндылығы ете жоғары. Зерттеуші ғалымдар түркі сөздігінде жасалуын мұсылман әлеміндегі халықтар арасында түркі тілінің барған сайын арта түскен рөлімен орынды байланыстырады [3].

Түркі халықтарын көшпенде болған, қалалары болмаған деген жаңсақтымы шікірлерге келісуге болмайды. Түркілер барлығы бірдей көшпенде болмаған. Олар өздерінде жайланаған жерінде ерекшеліктеріне негізделіп, көп салалы шаруашылықты шайда еткен және оларды үздіксіз дамытып отырган. Түрктер отырықшы, жартылай отырықшы және көшпенде өмір сүрген. Олардың ішінде отырықшылық басым болып, соның негізінде, мәдени өркениетке ерте жеткен халықтар келіп шыққан. Олар Орталық Азияны өз Отанына айналдырган. Бұл ғылыми тұжырымды бізге жеткен жазба археологиялық, этнологиялық және әдеби деректер дәлелдейді. ХХ ғасырдың екінші жартысында археологиялық зерттеулер кең көлемде жүріш, Орталық Азиядағы республикаларда археологиялық, этнологиялық зерттеулер жүргізілді. Нәтижесінде, орасан көп, мазмұны бай деректер жиналды. Бұл деректер, осы жерді ежелден мекендеген халықтардың тарихын қайта қарауға мүмкіншіліктер берді [5].

Соның нәтижесінде кең байтақ Қазақстан жеріндегі тарихтың әр дәуіріне жататын ескерткіштер зерттеліп, орасан зор бай деректер айқындалды. Бұл ескерткіштер тас (палеолит) дәуірінен бастап, ортағасырдың түгелімен қамтиды. Осы деректерге сүйеніп, Орталық Азияның алғашқы адамдардан өрбіген жерлердің бірі екені дәлелденді. Бұдан кейінгі қола, темір және ортағасырларды жергілікті тұрғындар бастарынан откеріп, дүние жүзі халықтарының өркениетті мәдениет құруына өз үлестерін қосқан; өркендеген мәдениеттің оргалықтары болған ірі-ірі қалалар, тұрақты мекендер салынған [2].

Түркі халықтарының, сондай-ақ қазақ халқының өркениетті мәдениетінде антикалық замандардан басталып, оның отырықшы өмірін, басқа көрші елдермен мәдени, тарихи, экономикалық байланыстарын қарастыру бүтінгі тарихи тұрғыдан ең өзекті мәселе. Тұрмыстың барлық салалары отырықшы мәдениеттің үздіксіз дамуына өз үлесін қосып отырган. Мәдениетті құруышы және дамытушы түркі тілдес, қандас халықтар. Олар ежелден өздерінде жақын және алыс көршілерімен үздіксіз байланыс жасаған. Қарым-қатынастарды құштейтуде Орталық Азияны кесіп еткен Ұлы Жібек жолы айрықша қызмет атқарған. Бір елдің жетістігін екінші ел қабылдаш, оларды өздерінде өркениетті мәдениетін дамытуға пайдаланған. Бұл – өмірдің заңдылығы.

Түркі халықтары – Орталық Азияның перзенттері. Адам тұрмысына қажетті байлықтардың бәрі бұл жерден табылады. Түрктердің Отанына тең келетін жерді әлемнің кеңістігінен табу қын шыгар. Оның перзенттері де

Қ.Мәмбетов. Түркілердің мәдени өркениетінің негізі.

ешбір халықтардан кем болмай, олардан «сегіз қырлы бір сырлы» азаматтар шыққанына кәрі тарих куә.

Біздің еліміздің халықтары ұлы ата-бабаларымызды әбден орынды мақтаныш етуге құқықты, ал-Бұмышь, Естеми, Білге қаған, Құлтегін, Тонықек және қазақ хандары Әз Тәуке, Есім, Қасым, Әз Жәнібек, Абылай, сондай-ақ Ататүрік, Мұстафа, Алаш зиялыштары сияқты мемлекет қайраткерлерінің ежелгі ерте заманың өзге ұлы әскери қолбасшыларының және мемлекет қайраткерлерінің есімдерімен әбден қатар тұра алады, олардың атқарған істерінен артық болмаса кем емес. Осындай тарихи тұлғалардың қажырылған еңбектерін зерттеу, бүгінгі ұрпаққа уағыздау – ең өзекті мәселеге айналып отыр [4].

Кеңес Одағы ыдырап, тарарап кетуіне байланысты түркі халықтарының дамуында жаңа кезең басталды. Арада мың жарым жыл уақыт өткенде түркі елінің таң жүрек тұсында тәуелсіз жаңа мемлекеттер шайда болды. XXI ғасыр Әлем Түркілерінің мәдени байланысы, бірлесу және даму ғасыры болуы заңдылық. ХХ ғасырда қайта жаңғырған мәселені күштеп емес, тек түркі халықтарының, интеграциялық қарым-қатынасы арқылы еріктік негізде шешудің мүмкіндігі туды. Түркі текстес үлкендері-кішілі халықтар жан-жақты дамыш, барған сайын бір-бірімен қарым-қатынастары нығая түсіу тиіс.

Түркілер тарихта теңдесі жоқ үлкен мемлекет құрған, отырықшылық тарихының тар жол, тайғақ кепу азабын тартқан, тоталитарлық қоғамның қыын-қыстау күндеріне төзе білген түркі әлемі таң қазір сапалық жаңа дамудың тарихи перспективасымен бетпе-бет келіп тұр. Түркі халықтарының тәуелсіздік туралы, дербес мемлекет құру туралы ғасырлар бойы армандаш келген мақсатын жүзеге асырып, оны нақты мазмұнмен толықтыра түсетін кезеңге жетті.

Түркі әлемі барлық уақытта да әртүрлі халықтар мен мәдениеттерді бір-бірімен байланыстыратын дәнекер буын болыш келуі бүгінгі таңда өзінің өміршендігін нақтылай түсті. Қазіргі түркі әлемі уақыт өткен сайын өзара тығыз бірлесе түсіш, өздерінің мәдени мол мүмкіндіктерін танытуда.

Түркі халықтары жұмылған жұдышықтай болыш біріккен кезде геосаяси өмірге тең құқықты субъект ретінде ықпал ете алады, мәдени әлемдегі өзара қарым-қатынастарда өзгелермен терезесі тең тұлға ретінде бой көрсетеді[3].

Қазіргі дербес түркі мемлекеттері арасында саяси, экономикалық және мәдени, ғылыми бағыттарда жыл өткен сайын тығыз байланыс орнаш келеді. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев көп үлтты халықтарымыздың бірлігін сақтаумен қатар, түркі халықтарының мәдени бірлігі мен дамуына айрықша көңіл бөлуде.

Бүгінгі күні тәуелсіздік алған түркі халықтарының мәдени байланысы, бірлігі және дамуы келешек ұрпақ тарихы үшін өте құнды, өзекті дүние болмақ. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін, біріншіден, Түркі

әлемінің қазіргі уақыттагы мәденистаралық және ұлтаралық қарым-қатынастардың тарихи құндылықтарын зерделеу, екіншіден, өткен замандағы ұлы қайраткерлердің идеялары мен өситеттерін және рухани құндылықтарын қайта жаңдандыру, үшіншіден, Түркі әлемінің рухани және мәдени мұраларының бірлік концепциясы идеясын қалыптастыру қажет.

XXI ғасыр Әлем Түркілерінің мәдени бірлесу, даму ғасырына айналуының өзектілігін, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Еуразияның кіндігіне қала салып, тұңғыш рет мемлекет шекарасын айқындаپ, түркі халықтарының басын бірліктірудегі еңбектерін, Еуразиялық идеясына арқау болған «Еуразиялық экономикалық Одақ» құруы, Әлемде Қазақстан – ядролық қаруыздану оргалығына айналып, әлемдік бейбітшілікке, экологияны сақтап қорғауға мәдени өркениеттің дамуына тигизетін әсері үшін-теніз. Түркі әлемінің әлемдік ұлтаралық интеграцияға үн қосу функциясын айқындаپ зерттеу әлемдік түркітануғынына айтартықтай дүние болатыны белгілі.

ӘДЕБІЕТТЕР

1. Гумилев Л.Н. Көне түрктер. –Алматы: «Білім», 1994, –480 б.
2. Қазақстан тарихы. Т. 1. Алматы, 1996, –450 б.
3. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1999, –296 б.
4. Білге қағанның өситеті. –Түркістан, 2001, –250 б.
5. Шәлекенов У.Х. Түріктердің отырықшы өркениеті. –Алматы: Қазақ университеті, 2003, –289 б.

REZUME

**K.MAMBETOV (Turkistan)
FUNDAMENTALS TURKS CULTURAL GROWTH**

The article describes the period of growth Turkic cultural.